

ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ПІКІРТЕРІМ НӘТИЖЕЛЕРІ

Сауалнама жүргізу күндері: 2024 жылғы 20-26 маусым

Респонденттердің саны: 15

(AERC, Citigroup, Halyk Finance, ING, Jusan Invest, NAC Analytica, Азия даму банкі, АКРА, Еуразиялық экономикалық комиссия, Еуразиялық Даму Банкі, Ренессанс Капитал, Сентрас Секьюритиз, Фридом Финанс, Экономикалық зерттеулер институты, Эксперт РА)

Пікіртерім нәтижелері (респонденттердің болжамдарының медианалық мәні, жақша ішінде алдыңғы болжамдардың медианалық мәндері көрсетілген):

Көрсеткіш	2023 (факт)	2024	2025	2026
Brent маркалы мұнай бағасы бір баррель үшін АҚШ долл., жылына орта есеппен	82,2	83,7 (83,3)	80,0 (80,0)	80,0 (80,0)
ЖІӨ %, ж/ж	5,1	4,1 (4,3)	5,0 (5,0)	4,5 (4,5)
ТБИ %, желт. өткен жылғы желт.	9,8	8,0 (8,5)	6,8 (6,8)	6,0 (6,0)
Базалық мөлшерлеме жылдық %, жылына орта есеппен	16,5	14,4 (14,0)	11,0 (10,9)	10,0 (9,2)
Тауарлар мен қызметтер экспорты жылына млрд АҚШ долл.	90,2	85,8 (86,2)	89,2 (92,8)	86,2 (93,2)
Тауарлар мен қызметтер импорты жылына млрд АҚШ долл.	71,8	73,9 (74,3)	72,9 (75,8)	73,0 (75,7)
USD/KZT бағамы жылына орта есеппен	456,3	460,0 (453,0)	474,8 (470,1)	490,0 (475,4)
Бейтарап базалық мөлшерлеме* Жылдық %	9,0 (8,0)			
ЖІӨ-нің ұзақ мерзімді өсуі** %, ж/ж	4,5 (4,1)			

МҰНАЙ БАҒАСЫ. Мұнай бағасы бойынша сценарий шарттары барлық болжамды көкжиекте өзгеріссіз қалды. Респонденттердің медианалық күтулері бойынша Brent маркалы мұнайдың бағасы 2024 жылы орташа есеппен баррель үшін **83,7** АҚШ долларын, ал 2025-2026 жылдары **80** АҚШ доллары құрайды.

ЖІӨ. Қазақстан экономикасы өсуінің 2024 жылға арналған болжамдарының медианасы 4,3%-дан **4,1%**-ға дейін біршама төмендеді, ал 2025-2026 жылдарға сәйкесінше **5%** және **4,5%** деңгейінде сақталды.

*Ақша-кредит саясат ұзақ мерзімді кезеңде инфляцияны және инфляциялық күтулерді мақсатта, сондай-ақ ЖІӨ-ді әлеуетті деңгейде сақтауын қолдайтын базалық мөлшерлеме

** 5 жыл ауқынында әлеуетті ЖІӨ өсуінің күтілетін орташа қарқыны

ТБИ. 2024 жылға арналған инфляция болжамы 8,5%-дан **8%**-ға дейін біраз жақсарды. 2025-2026 жылдарға арналған инфляциялық күтулер сәйкесінше **6,8%** және **6%** деңгейінде өзгеріссіз қалды.

БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ. Сарапшылар 2024 және 2026 жылдары базалық мөлшерлемені жоғарырақ деңгейде күтеді. Биылғы жылы күтулер 14%-дан **14,4%**-ға дейін, 2026 жылы – 9,2%-дан **10%**-ға дейін өсті. 2025 жылға күтулер аса өзгермей, **11%** құрады (бұрын – 10,9%).

ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕР ЭКСПОРТЫ. Респонденттердің 2024 жылға арналған тауарлар мен қызметтер экспорты бойынша болжамы аса өзгеріске ұшырамай, **85,8** млрд АҚШ долларын (бұрын – 86,2 млрд АҚШ доллары) құрады. 2025-2026 жылдарға арналған болжам 92,8-ден **89,2** млрд АҚШ долларына дейін, 2026 жылға – 93,2-ден **86,2** млрд АҚШ долларына дейін төмендеді.

ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕР ИМПОРТЫ. Респонденттердің тауарлар мен қызметтер импортының көлемі бойынша болжамдары бүкіл көкжиекте біршама қайта қаралып, **73-74** млрд АҚШ доллары аралығында қалыптасуда.

USD/KZT БАҒАМЫ. USD/KZT бағамы бойынша сарапшылардың күтулері бүкіл көкжиекте әлсіреу жағына қарай қайта қаралды. 2024 жылы USD/KZT бағамы орташа жылдық есеппен бір АҚШ доллары үшін **460** теңге (бұрын – 453 теңге), 2025 жылы – бір АҚШ доллары үшін **474,8** теңге (бұрын – 470,1 теңге), 2026 жылы – бір АҚШ доллары үшін **490** теңге (бұрын – 475,4 теңге) болады деп күтілуде.

БЕЙТАРАП БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ. Ақша-кредит саясат ұзақ мерзімді кезеңде инфляцияны және инфляциялық күтулерді мақсатта, сондай-ақ ЖІӨ-ді әлеуетті деңгейде сақталуын қолдайтын базалық мөлшерлеме енді **9%** деңгейінде бағалануда (бұрын – 8%).

ЖІӨ-НІҢ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ӨСУІ. Респонденттердің 5 жылдың шегінде әлеуетті ЖІӨ-нің орташа өсу қарқынының бағалаулары да 4,1%-дан **4,5%**-ға дейін өсті.

Көптеген макрокөрсеткіштердің **болжамдық ауқымдары** айтарлықтай кең, ал олардың динамикасы әртүрлі бағытта қалыптасуда. Бұл сарапшылардың қысқа және орта мерзімді болашақта ішкі және әлемдік экономика дамуына қатысты белгісіздігін көрсетеді.